


«Киіз үй»тренингі

- Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық,
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді құрайық.

Үй тапсырмасын пысықтау

«Зымыран сұрақтар»

- 1. Айқындауыш мүше дегеніміз не?
- 2. Айқындауыш мүшенің неше түрі бар?
- 3. Айқындауыш мүшені анықтауыштан қалай айыруға болады?
- 4. Оңашаланған айқындауыш дегеніміз не? (мысал келтір)
- 5. Қосарлы айқындауыш дегеніміз не? (мысал келтір)
- 6. Сөйлем ішінде айқындауыш қандай тыныс белгімен ажыратылады?
- 7. Бірыңғай мүше дегеніміз не?
- 8. Жалпылауыш сөздер дегеніміз не?
- 9. Егер жалпылауыш сөз бірыңғай мүшенің алдынан келсе, қандай тыныс белгісі қойылады?
- 10. Егер жалпылауыш мүше бірыңғай мүшеден кейін келсе, жалпылауыштан соң қандай тыныс белгісі қойылады?



- «Оқшау» сөзінің мағынасын
қалай түсінеміз?

Қарашаның отызы

Оқшау сөздер, түрлері

Оқшау сөздер, түрлері

- **1-топ.** Оқшау сөздер, оның түрлері .Мысал келтір.
- **2-топ.** Қаратпа сөздер, тыныс белгілері. Мысал келтір.
- **3-топ.** Қыстырма сөздер, қыстырма сөз ретінде жұмсалатын сөздер, тыныс белгілері. Мысал келтір.
- **4-топ.** Одағай сөздер, олардың тыныс белгілері. Мысал келтір.

Оқшау сөздер

```
graph TD; A([Оқшау сөздер]) --> B[Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданылады]; A --> C[Қыстырма сөздер-сөйлеушінің айтылған пікіріне әр түрлі көзқарасын білдіреді]; A --> D[Одағай сөздер айтушының көңіл-күйін білдіру үшін қолданылады.];
```

Қаратпа сөздер тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданылады

Менің ойлаған ойымның үстінен түстің, Ботагөз.

Қыстырма сөздер-сөйлеушінің айтылған пікіріне әр түрлі көзқарасын білдіреді

Бәсе, солай болады деп айтып едім ғой.

Одағай сөздер- айтушының көңіл-күйін білдіру үшін қолданылады.

Қап, барлық еңбектері далаға кетеді-ау!

Оқшау сөздердің белгілері

Сөйлем мүшесі
қызметін атқара
алмайды

Өзге сөздермен
байланысқа түспейді

Сөйлем ішінде жеке
тұрады, тыныс белгісі
арқылы ажыратылады

Бар білім-кітапта Оқулықпен жұмыс

- **66-жаттығу.** Қыстырма сөздерге сөйлем құрау.
- **67-жаттығу.** Мәтіндегі оқшау сөздерді тауып, теріп жазып, түрлеріне ажырату

Деңгейлік тапсырмалар

1. деңгей. Оқшау сөздердің астын сыз, тыныс белгісін қой, түріне ажырат.

Уа Жиренше анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен? Пай – пай Көрінде өкіргір Қожекем – ай! Қатал едің жарықтық. Сізге бәлкім бұл таныс болмас. Сіздің халық – ақын халық менің ойымша. Жә көрген – білгенінді тез айт! Біріншіден сөзде тұру керек.

3. деңгей Берілген сызба арқылы көрсетілген оқшау сөзді қатыстырып сөйлем құрау.

- 1....., ақсақал.
- 2....., қап!
- 3....., сірә,.....

3. Берілген сөйлемдердегі одағайлардың астын сыз.

- –Пәлі! Ақын ғой мынауың!-деді Қоржынбай.
- -Туу, сізде шақпақ барын мүлде ұмытып кеткем ғой!
- –Әттеген-ай, оғы құрғыр да жоқ болды-ау!-деді Отар назаланып

● **2. Қыстырма сөздерді тиісті орнына қою**

- 1) , темір жолға тіке тартқан жөн бе деймін.
- 2) , Шеген хатты сирек жазады.
- 3) Бүгін, қоймаға он жеті арба тары кетті.

Сәйкестендіру

1. Пәлі, шіркін, бәрекелді, моһ-моһ, әттеген-ай!

одағай

2. Қарағым, балам, айналайын, халайық.

қаратпа

3. Әрине, меніңше, әуелі, сөйтіп, шынында

қыстырма

Адасқан сөздер

1. сынақ болады оқушылар ертең.
2. келмейтін бүгін сірә ол шығар.
3. шіркіннің па дауысын-ай!

Семантикалық кестемен жұмыс

Оқшау сөздер	Қаратпа сөз	Одағай сөз	Қыстырма сөз
Байғұс-ау, саған не болған?		+	
Қош бол, Қараой	+		
Аға, бұл кімнің аты?	+		
Бәрекелді, жұмысты осылай істеу керек!		+	
Меніңше, ол бүгін келмейді			+

Кім әрі тапқыр, әрі ойлы, әрі жылдам?

1. Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузына түсті мұртың.
2. Өзгелер басын изейді,
Әрине, - деп мақұлдап
3. Араздығы сөз болса,
«Бәрекелді! Батыр!» - деп,
Мақтап – мақтап қоздырар.
4. Өзгеге, көңілім, тоярсың
Өлеңді қайтіп қоярсың?
5. - Бұрынғыдан мұнысы қиын
болды, Ойбай, уәзір, ақыл тап,
қайттік? – деді.

6. – Е, шырағым, жасым сексенге
келгенде, біреудің қанын жүктеп
не қылайын?
7. – Апырмай – ай, менің
наубайдың баласы екенімді
қайдан білдің?
8. – Сөйлестім, тақсыр! Өзімді
сөгіп салды, - деп жауап берді.
9. Махамбеттің қандай өлеңі
қаратпа сөзбен басталады?
10. Ы. Алтынсариннің қай
өлеңінде қаратпа сөз бар?

Үй тапсырмасы

- **68-жаттығу. Қаратпа сөздерді теріп жазу. Ереже жаттау.**

Инсерт стратегиясы

«Білдім», «Білгім келеді», «Үйрендім»